

Жамбыл облысында жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы мәслихатының 2008 жылғы 08 ақпандағы N 4-16 шешімі. Жамбыл облыстық Әділет департаментінде 2008 жылғы 11 наурызда 1676 нөмірімен тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облыстық мәслихатының 2019 жылғы 17 шілдедегі № 37-7 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облыстық мәслихатының 17.07.2019 № 37-7 (алғашқы ресми жарияланғаннан күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен. Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 38 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабына сәйкес және Жамбыл облысы әкімиятының 2007 жылғы 29 қарашадағы "Су ресурстарын пайдалану үшін төлем ставкалары туралы" № 276 қаулысына байланысты облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Жамбыл облысында жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихат
сессиясының төрағасы
Облыстық мәслихат хатшысы*

*Т. Халык
Ә. Әсілбеков*

Төртінші шақырылған
Жамбыл облыстық
мәслихатының
2008 жылғы 8 ақпандағы
№ 4-16 шешіміне қосымша

Жамбыл облысында жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – Жамбыл облысытық әкімдігінің 25.06.2015 № 38-13 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Арнайы су пайдаланудың түрі	Өлшем бірлігі	1000 текше метр су көлемінің төлем ставкасы, теңге
1	Тұрмыстық-пайдалану және коммуналдық қызмет	теңге/1000 текше метр	93,91
2	Өнеркәсіп, жылу энергетикасын қосқанда	теңге/1000 текше метр	263,79
3	Ауыл шаруашылығы	теңге/1000 текше метр	15,47
4	Су көздерінен су алып байлама шаруашылығын жүргізу	теңге/1000 текше метр	73,2
5	Су энергетикасы	теңге/1000 киловатт сағат	26,24

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК